Тестілеуге және/немесе түсу емтиханына қатысу үшін өтініш беру барысында тестіленушінің тестілеуді өткізу қағидаларымен танысқаны және олармен келісетіні туралы
КЕЛІСІМІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Мен, тестілеуге және/немесе түсу емтиханына қатысуға өтініш беруші (бұдан әрі – Қатысушы), Жеке кабинет арқылы осы Келісімнің талаптарымен, тиісті тестілеу түріне және/немесе түсу емтиханына тіркелу және қатысу қағидаларымен, апелляция беру тәртібімен, төлем жасау және ақшалай қаражатты қайтару шарттарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК-ның Құпиялылық саясатымен танысқанымды растаймын. Аталған Құпиялылық саясатымен цифрлық жүйеде бұрын танысқанымды және дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім бергенімді растаймын.

1.2. Осы Келісім тестілеудің мынадай түрлеріне қолданылады:

✓ магистратураға түсу үшін кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ);

✓ докторантураға түсу емтиханы (бұдан әрі – түсу емтиханы);

✓ Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (TOEFL ITP) сертификаты бар тұлғаларға арналған ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу (бұдан әрі – қосымша тестілеу);

✓ шет тілдерінен түсу емтиханы (бұдан әрі – ШТТЕ);

✓ Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін және Қазақстан тарихын білу көлемін анықтауға арналған тестілеу (бұдан әрі – азаматтық алуға арналған тестілеу).

1.3. Осы Келісімде 1.2-тармақта көрсетілген іс-шаралар бұдан әрі «тестілеу» және (немесе) «түсу емтиханы» деп аталады.

Тек тестілеудің белгілі бір түріне қатысты ережелер Қатысушы таңдаған рәсім мен Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерін ескере отырып, қолданылады.

1.4. Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – Орталық) Қатысушымен алдын ала келіспей-ақ Құпиялылық және дербес деректерді өңдеу саясатын (бұдан әрі – Саясат) біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Өзгерістер Орталықтың app.testcenter.kz. цифрлық жүйесінде орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді. Қатысушы Саясаттың өзекті редакциясын өз бетінше қадағалауға міндеттенеді. Осы ереже қатысушының дербес деректерін өңдеу көлемін, мақсаттары мен шарттарын қозғайтын өзгерістерге қолданылмайды: мұндай өзгерістер Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында көзделген тәртіпте Қатысушының жаңа келісімін алғаннан кейін ғана күшіне енеді.

2. Дербес және биометриялық деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және беруге келісім

2.1. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қатысушы Орталықтың цифрлық жүйесі арқылы дербес деректерді бере отырып, оның ішінде фото-, бейне - және бейне демонстрациялық деректерді автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе оларды пайдаланбай, өзінің дербес және биометриялық деректерін кез келген заңды тәсілдермен жинауға және өңдеуге, сақтауға, беруге келісім береді.

2.2. Дербес деректерді тіркеу, жеке басты сәйкестендіру, тестілеуді ұйымдастыру және өткізу, қағидалардың сақталуын бақылау, апелляцияларды қарау, нәтижелерді

тексеру және тестілеуге қатысуға байланысты өзге де рәсімдерді орындау үшін қажетті көлемде өңделеді.

2.3. КТ-ға және (немесе) түсу емтиханына, оның ішінде білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысқан жағдайда Қатысушы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ), Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясын қоса алғанда, тиісті рәсімдерге қатысатын өзге де ұйымдарға тиісті дербес деректерді өңдеуге және беруге келісім береді.

2.4. Дербес және биометриялық деректер, фото- және бейнематериалдар, сондай-ақ цифрлық жүйедегі пайдаланушының іс-әрекеттері туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында және тестілеудің тиісті түрінің қағидаларында көзделген шектерде жеке басты сәйкестендіру, тестілеу қағидаларының сақталуын бақылау, апелляцияларды қарау және бұзушылықтарды анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін.

2.5. Қатысушының дербес деректерін, сондай-ақ тестілеу және (немесе) түсу емтиханының нәтижелері туралы мәліметтерді, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында сақтау мерзімі белгіленбесе, Орталық 10 (он) жыл бойы сақтайды.

3. Тіркеу және қатысудың жалпы шарттары

3.1. Қатысушы өзіне ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын және олардың таңдалған тестілеу түріне және (немесе) түсу емтиханына қойылатын талаптарға сәйкестігін растаймын.

3.2. Өтініштерді қабылдау базасы өтініштерді қабылдаудың белгіленген мерзімінің соңғы күні сағат 18:00-де жабылады.

3.3. Тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына қатысу үшін өтініштерді қабылдау аяқталғаннан кейін Орталық Қатысушыларды білім беру бағдарламаларының топтары бойынша, сондай-ақ тестілеуді және (немесе) түсу емтиханын өткізу күндері мен пункттері бойынша бөлуді жүзеге асырады. Қатысушыларды тестілеуді және (немесе) түсу емтиханын өткізу пункттері бойынша бөлу түпкілікті болып табылады және қатысушылардың сұрауы бойынша, оның ішінде аумақтық жақын тұру себебі бойынша өзгертуге жатпайды.

3.4. Тестілеудің және (немесе) түсу емтиханының өткізілетін күні, уақыты және орны туралы ақпарат Қатысушыға жеке кабинеті арқылы жеткізіледі. Тиісті рәсім көзделген кезде Қатысушы көрсеткен ұялы телефон нөміріне SMS-хабарлама да жіберіледі.

3.5. Қатысушы қолданыстағы ұялы телефон нөмірін көрсетуге, жеке кабинетіндегі хабарламаларды өз бетінше тексеруге міндетті және көрсетілген байланыс деректерінің дұрыстығына, сондай-ақ тестілеу және (немесе) түсу емтиханы туралы ақпаратпен уақтылы танысуға жауапты болады.

3.6. Тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына қатысудан өтініштер қабылдау деректер базасы жабылғанға дейін бас тартқан кезде Қатысушы өтінішті жеке кабинетінен өз бетінше жоюға міндетті.

3.7. Өтініштерді қабылдау деректер базасы жабылғаннан кейін КТ және түсу емтиханы бойынша таңдалған білім беру бағдарламаларының тобы, сондай-ақ тестілеу және (немесе) түсу емтиханын тапсыру қаласы өзгертілмейді.

3.8. Тестілеу және (немесе) түсу емтиханын өткізу кезеңінде, егер ол қолданылатын қағидаларда тікелей көзделмесе, оларды қайта тапсыруға жол берілмейді.

4. Жеке басты сәйкестендіру және авторизациялау

4.1. Тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына кіргізу кезінде Қатысушының жеке басы адамның бет-әлпетінің көлемдік-кеңістіктік бейнесін сканерлеу және жеке басын куәландыратын құжат арқылы сәйкестендіріледі.

4.2. Қатысушы тестілеу және (немесе) түсу емтиханы жүйесіне кіру, сондай-ақ тестілеу және (немесе) түсу емтиханы аяқталғаннан кейін авторизациядан өту үшін компьютердің алдыңғы камерасын пайдалана отырып, адамның бет-әлпетінің көлемдік-кеңістіктік бейнесін сканерлеу арқылы авторизациядан өтеді.

4.3. Тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына кіргізу кезінде «бөгде тұлға» анықталған жағдайда тиісті акт жасалады. «Бөгде тұлғаны» тартқан Қатысушы ағымдағы жылы тиісті тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына жіберілмейді.

4.4. Қатысушы жеке басты сәйкестендіру және авторизациялау рәсімдерінен өтудің қажеттілігін түсінетінін растайды және тестілеу әкімшілерінің заңды талаптарын орындауға міндеттенеді.

5. Тестілеу және (немесе) түсу емтиханы кезіндегі тәртіп сақтау қағидалары

5.1. Қатысушы аудиториядан шыққаннан кейін қайта кірген кезде металл іздегіштің көмегімен тексеруден өтеді.

5.2. Тестілеу және (немесе) түсу емтиханы уақытында Қатысушыға мыналарға тыйым салынады:

✓ тестілеу әкімшісінің рұқсатынсыз аудиториядан (компьютерлік сыныптан) шығуға. Тестілеудің тиісті түрінің қағидаларында көзделген жағдайларда шығу дәліз бойынша кезекшінің функцияларын атқаратын әкімшінің рұқсатымен және ертіп жүруімен жүзеге асырылады;

✓ төтенше, форс-мажорлық жағдайларды және (немесе) денсаулыққа байланысты жағдайларды қоспағанда, аудиториядан ұзақтығы 10 (он) минуттан асатын 2 (екі) реттен артық уақытқа шығуға, сондай-ақ тестілеудің бірінші және соңғы сағаттарында шығуға;

✓ азаматтық алуға арналған тестілеу кезінде Қатысушының денсаулығына байланысты жағдайларды және (немесе) төтенше жағдайларды қоспағанда, тестілеудің соңғы сағатында аудиториядан шығуға;

✓ тестілеу және (немесе) түсу емтиханы басталғанға дейін немесе өткізілу уақытында сөйлесуге, шулауға, орын ауыстыруға;

✓ құжаттармен, тест тапсырмаларын орындау және (немесе) емтихан сұрақтарына жауап беру үшін берілген қағаздармен алмасуға;

✓ құжаттар мен тест тапсырмаларын орындау және (немесе) емтихан сұрақтарына жауап беру үшін берілген қағазды аудиториядан алып шығуға, сондай-ақ оларды жыртуға немесе умаждау арқылы бүлдіруге;

✓ тест тапсырмаларының және (немесе) емтихан сұрақтарының мазмұнын көшіруге, алып шығуға, талқылауға немесе жария етуге;

✓ тестілеу және (немесе) түсу емтиханын өткізу үшін пайдаланылатын жабдықтар мен қауіпсіздік жүйелерін қасақана бүлдіруге;

✓ тестілеу және (немесе) түсу емтиханы жүйесінің жұмысына араласуға немесе тестілеу және (немесе) түсу емтиханын өткізу тәртібін бұзатын өзге де әрекеттер жасауға.

5.3. Тестілеу және (немесе) түсу емтиханы уақытында аудиторияға төмендегілерді алып кіруге және (немесе) пайдалануға тыйым салынады:

✓ шпаргалкалар, жазбаша ескертпелер (қағазда немесе денеде), тест тапсырмаларының және (немесе) емтихан сұрақтарының мазмұнын ашатын жазбалар;

✓ оқу-әдістемелік әдебиеттер мен сөздіктер;

✓ өзімен бірге алып келген калькуляторлар, Менделеев кестелері және тұздардың ерігіштік кестелері;

✓ А0–А10 форматындағы қағаздар;

✓ фотоаппараттар, ұялы телефондар, пейджерлер, планшеттер, iPad, iPod, смартфондар, рациялар, ноутбуктер, плеерлер және модемдер (мобильді роутерлер);

✓ смарт-сағаттар, смарт-көзілдіріктер, смарт-сақиналар, фитнес-білезіктер (трекерлер);

✓ диктофондар, микрофондар, сымды және сымсыз құлаққаптар, микроқұлаққаптар;

✓ сымсыз бейнекамералар, GPS-навигаторлар, GPS-трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары;

✓ деректерді беруге және (немесе) қабылдауға, сондай-ақ ақпаратты жасырын алуға, жазуға және (немесе) беруге арналған, оның ішінде GSM, 3G, 4G, 5G, VHF, UHF, Wi-Fi, GPS, Bluetooth бен DECT-тарды пайдалана отырып, жұмыс істейтін өзге де электрондық құрылғылар мен арнайы техникалық құралдарды (АТҚ).

5.4. КТ және түсу емтиханы кезінде тестілеу бағдарламасының компьютердегі интерфейсінде орналастырылған калькуляторды, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштік кестесін пайдалануға рұқсат етіледі. Тестілеу және (немесе) түсу емтиханы кезінде көлемі 0,5 литрден аспайтын мөлдір бөтелкедегі суды алып кіруге рұқсат етіледі.

6. Тестілеуге жібермеу және нәтижелерді жою

6.1. Жеке кабинетте көрсетілген басталу уақытынан кейін 15 (он бес) минуттан артық тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына кешіккен Қатысушылар тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына жіберілмейді.

6.2. Тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына кіргізу кезінде ғимаратқа тыйым салынған заттарды алып кіруге әрекет жасаған кезде Қатысушы тиісті акт негізінде ғимараттан шығарылады және тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына жіберілмейді.

6.3. Тестілеу және (немесе) түсу емтиханы кезінде тыйым салынған зат пайдаланылған кезде Қатысушы тиісті акт негізінде аудиториядан шығарылады, ал тестілеу және (немесе) түсу емтиханы нәтижелері жойылады.

6.4. «Бөгде тұлға» анықталған жағдайда осы Келісімнің 4.3 және 10.1-тармақтарында көзделген шаралар қолданылады.

6.5. Бейнежазбаларды қарау және (немесе) пайдаланушылардың іс-әрекеттері журналдарын тексеру қорытындылары бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда тестілеудің және (немесе) түсу емтиханының нәтижелері және олардың негізінде берілген құжаттар қолданыстағы қағидаларда белгіленген тәртіппен жойылуы мүмкін.

6.6. Қатысушы бұзушылықтар анықталған кезде тиісті актіні жасау мүмкіндігімен және осы Келісім мен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген салдарларм ен танысқанын растайды.

7. Тестілеудің және (немесе) түсу емтиханының нәтижелері және апелляция беру тәртібі

7.1. Тестілеу нәтижелерімен танысу үшін Қатысушыға тестілеу аяқталғаннан кейін 10 (он) минут беріледі.

7.2. Техникалық себептер бойынша апелляцияға өтініш тестілеу уақытында тестілеудің тиісті түрінің қағидаларында көзделген тәртіппен беріледі.

7.3. Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляцияға өтініш тестілеу нәтижелерімен танысқаннан кейін 30 (отыз) минут ішінде тікелей тестілеу бағдарламасында, апелляция беру рәсімі аяқталғанға және бағдарламадан шыққанға дейін беріледі.

7.4. Түсу емтиханының нәтижелері емтихан өткізілген күннен кейінгі күні Қатысушының жеке кабинетінде жарияланады. Апелляцияға өтініштер нәтижелер жарияланғаннан кейінгі күні сағат 13:00-ден 13:40-қа дейін Қатысушы түсу емтиханын тапсырған білім беру ұйымының базасында қабылданады.

7.5. Апелляция беру тәртібі мен мерзімдері тестілеудің тиісті түрінің қағидаларына сәйкес қолданылады. Қатысушы белгіленген мерзімдерді сақтауға міндетті.

8. Мониторинг, бейнежазбалар және пайдаланушылардың әрекеттерін тексеру

8.1. Тестілеу және (немесе) түсу емтиханы уақытында Ахуалдық орталық тестілеу және (немесе) түсу емтиханы процесіне нақты уақыт режимінде мониторинг жүргізеді. Бұзушылықтар анықталған кезде тиісті акт жасалады және тестілеу және (немесе) түсу емтиханы нәтижелері белгіленген тәртіппен жойылады.

8.2. Тестілеу және (немесе) түсу емтиханы аяқталғаннан кейін Орталық 3 (үш) ай ішінде бейнебақылау жазбаларын қарауды және тиісті жүйеде пайдаланушылардың іс-әрекеттері журналдарын (логтарын) тексеруді жүзеге асырады.

8.3. Бұзушылықтар анықталған кезде тиісті акт жасалады және белгіленген тәртіппен нәтижелердің күші жойылады.

8.4. Бейнежазбалар мен пайдаланушылардың іс-әрекеттері журналдары тестілеуді өткізу тәртібінің сақталуын тексеру және ықтимал бұзушылықтардың мән-жайларын анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін.

9. Төлем, қатысудан бас тарту және ақшалай қаражатты қайтару

9.1. Тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына қатысу ақысы, сондай-ақ ақшалай қаражатты қайтару тиісті жария офертаның (ақылы қызмет көрсету келісімшартының) шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына қатысудан өтініштер қабылдау деректер базасы жабылғанға дейін бас тартқан жағдайда Қатысушы өтінішті жеке кабинетінен өз бетінше жоюға міндетті.

10. Құжаттарды қолдан жасау үшін жауапкершілік

10.1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 385-бабының 1-тармағына сәйкес жалған ресми құжаттарды қолдан жасағаны, дайындағаны немесе өткізгені үшін Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде жауапты болады.

11. Магистратураға түсу үшін кешенді тестілеуге тіркелу және қатысу ерекшеліктері

11.1. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

11.2. КТ-ға өтініш бергенге дейін Қатысушы ЖЖОКБҰ-дан магистратураға түсуге қойылатын талаптарды және алдыңғы білім деңгейінің таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкестігін нақтылауы қажет. Ұсынылған құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда ЖЖОКБҰ оқуға қабылдаудан бас тартуға құқылы.

11.3. Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш бергенге дейін Қатысушының Жоғары білім берудің бірыңғай платформасында (бұдан әрі – ЖББББП) «білім алушы» мәртебесі болмауы тиіс.

11.4. Магистратураға түсу үшін білім беру гранттарын тағайындау конкурсына өтініштерді қабылдау тиісті күнтізбелік жылдың жазғы қабылдауы 12-18 тамыз аралығында және қысқы қабылдау 12-18 желтоқсан аралығында жүргізіледі. Өтініштерді қабылдау мерзімдері туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Орталықтың ресми интернет-ресурстарында, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі парақшаларында қосымша жарияланады.

11.5. Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына әскери және арнаулы оқу орындарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында алынатын білімді қоспағанда, олар осы деңгейдегі білімді алғаш рет алған жағдайда тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

11.6. Конкурста КТ нәтижелері тең болған кезде білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест нәтижелері бойынша неғұрлым жоғары балл алған адамдарға басым құқық беріледі. Нәтижелер одан әрі тең болған жағдайда оқуға түсуге дайындығын анықтауға арналған тесттің нәтижелері, содан кейін шет тілі бойынша тест нәтижелері, одан кейін алдыңғы білім деңгейі туралы диплом қосымшасындағы GPA (Grade Point Average) көрсеткіші ескеріледі.

11.7. Қатысушы Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларымен (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығы*) танысқанын растайды.

12. Докторантураға түсу емтиханына тіркелу және қатысу ерекшеліктері

12.1. Докторантураға түсу емтиханына қатысуға өтініш Қатысушы құжаттардың толық топтамасын ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясына тапсырғаннан кейін Орталықтың app.testcenter.kz цифрлық жүйесі арқылы беріледі.

12.2. PhD докторантурасына «магистр» дәрежесі және кемінде 9 (тоғыз) ай еңбек өтілі бар не болмаса медициналық мамандықтар бойынша резидентурада оқуын аяқтаған тұлғалар қабылданады.

12.3. Бейіні бойынша докторлар бағдарламасына, оның ішінде индустриялық PhD және DBA (Doctor of Business Administration) бағдарламалары бойынша докторантураға қабылдау бейінді магистратураға теңестірілген магистратура не болмаса жоғары арнаулы білім базасында жүзеге асырылады.

12.4. Құжаттарды тапсыру кезінде Қатысушы бір ЖЖОКБҰ мен білім беру бағдарламаларының бір тобын көрсетеді.

12.5. Білім беру тапсырысын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш бермес бұрын Қатысушының ЖББББП-да «білім алушы» мәртебесі болмауы тиіс.

12.6. Қатысушы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы)* танысқанын растайды.

12.7. TOEFL ITP сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханы басталғанға дейін қосымша тестілеуден өтеді.

12.8. Түсу емтиханы уақытында немесе апелляцияға өтініш беру кезінде Қатысушыға дербес деректерді, оның ішінде тегін, атын және әкесінің атын (бар болса), сондай-ақ білім беру бағдарламалары тобының бейініне сәйкес келмейтін символдарды, белгілерді және сөз тіркестерін енгізуге жол берілмейді. Мұндай фактілер анықталған жағдайда Қатысушының жауаптары өңделмейді және бағаланбайды.

12.9. Түсу емтиханының нәтижелері түсу емтихандары өткізілгеннен кейінгі күні Қатысушының жеке кабинетінде жарияланады.

13. TOEFL ITP сертификаты бар тұлғаларға арналған ағылшын тілін білу деңгейін қосымша тестілеуге қатысу ерекшеліктері (докторантураға түсушілер үшін)

13.1. Қосымша тестілеуге қатысушыларға осы Келісімнің 12.1-12.6-тармақтарында көзделген докторантураға түсу шарттары қолданылады.

14. Шет тілдерден түсу емтиханына Қатысушы тиісті нормативтік-құқықтық актілермен танысқанын растайды.

15. Тестілеуге қатысушы Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 12 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін және Қазақстан тарихын білу көлемін айқындай бойынша тестілеуді өткізу қағидаларымен танысқанын растайды.

16. Шарттармен танысуды және оларды қабылдауды растау

16.1. Қатысушы осы Келісіммен, тестілеудің және (немесе) түсу емтиханының тиісті түрінің қағидаларымен, тіркеу, жеке басын сәйкестендіру, тестілеуді және (немесе) түсу емтиханын өткізу, апелляцияларды қарау, ақшалай қаражатты төлеу және қайтару шарттарымен танысқанын растайды.

16.2. Қатысушы тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына жібермеуді, аудиториядан шығаруды, тиісті актіні жасауды және көзделген жағдайларда нәтижелердің күшін жоюды қоса алғанда, тестілеу және (немесе) түсу емтиханы қағидаларын бұзудың салдары оған түсінікті екенін растайды.

16.3. Қатысушы өзіне ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын растайды, сондай-ақ осы Келісімнің талаптарын, тестілеудің және (немесе) түсу

емтиханының тиісті түрін өткізу қағидаларын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндеттенеді.

16.4. Қатысушы акцептке дейін тестілеуге және (немесе) түсу емтиханына қатысу бойынша ақылы қызметтер көрсету шартын жасасу туралы жария оферта шарттарымен, оның ішінде ақшалай қаражатты төлеу және қайтару шарттарымен танысу фактісін растайды және көрсетілген шарттармен толық көлемде келісімін білдіреді.

16.5. Осы Келісімнің акцепті оның шарттарымен танысуды және олармен тестілеудің және (немесе) түсу емтиханының таңдалған түріне қолданылатын көлемде келісуді растауды білдіреді.

Қатысушы осы Келісімді цифрлық жүйеде көзделген келісімді растау тәсілі арқылы қабылдайды.